ҒТАХР 03.20

ШЫҒЫСТАНУШЫ, БИБЛИОГРАФ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФ-ТАРИХШЫ Н.СӘБИТОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ МЕН ӨМІРІНІҢ БАСТАПҚЫ КЕЗЕҢІ

Ә.Қ. Шашаев [1]

[1] Т.ғ.к.

[1]Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: shashaevauezhan@mail.ru

Мақалада шығыстанушы, библиограф және этнограф-тарихшы Н.Сәбитовтың қоғамдық-ғылыми мұрасы мен өмірінің бастапқы кезеңі оның жеке мұрағаттық қорында сақталған құжаттық деректерді арқылы талдауға алынады. Н.Сәбитовтың өмір жолы Кеңестік кезеңдегі ашаршылық, ұжымдастыру, индустриаландыру, мәдени революция мен қуғын-сүргін жылдарына тұспа-тұс келген болатын. Кәсіби этнограф, шығыстанушы, дінтанушы және мәдениеттанушы мен библиограф ретінде өз соңынан үлкен ғылыми мұра қалдырды.

Түйін сөздер: *Н.Сәбитов, шығыстану, дінтану, мәдениеттану, этнография, библиография, тарих, экспедиция*

Тарихымыздағы іргелі мәселелермен қатар халқымыздың мұрасын, ұлттық мәдениетін, ғылымды өздерінің қара басының қамынан жоғары қойған ірілі-ұсақты тұлғаларымыздың тұтастай бір ұрпағының қызметін өмір сүрген кезеңімен байланыстыра зерттеу аса өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Міне, соларды алалап көбінесе саяси және әкімшілік саладағы тұлғаларды зерттеуге тұрарлық қалғандарының сіңірген еңбегінің маңызы аз деп, шеттетудің өзі тарихқа жасалған қиянат болып табылады. Өйткені сұрқия заманның шынжыр табанына тасталған олардың өмірі алапат зор арпалыстармен, қуғын-сүргінмен еркін ойға салынған құрсаумен шектеліп, тіпті адам өмірінің құны түскен, тірі қалудың өзі үлкен мәселеге айналған кезеңде өтті. Осындай тарихи кезеңде аман қалудың өзі ерлік, ал тіпті ұрпағына мұра болып қаларлық ғылыми туындылар жасау бұл ғажайып құбылыс (феномен) еді.

Білім мен тәжірибе арқылы біліктілікке ие болған ойлы адамдардың ақыл-ойына, олардың болашаққа жасаған болжамына құлақ аспау – замана кемістігі, дәуірдің қатерлі ауруының көрінісі, болашаққа артар ауыр жүгі. Міне, сондықтан өткеніміздің куәгерлерінің қалдырған мұраларының тынымсыз ізденістер арқылы естір құлаққа, көрер көзге дәл мағынасында жеткізіліп, өз бағасын алар уақыт жетті.

Қазақ елі талай талантты ғалымдарды, дана ғалымдарды дүниеге әкелген. Әрине, әр ғалымның өз басына тән табиғи ерекшеліктері, дүниетаным деңгейі, ғылыми білгірлігі, әр қырлары болады. Біз сөз қозғағалы отырған адам өзінің ақыл-ой парасаты, ғылыми даралығы тұрғысынан, жеке басының игі қасиеттері жағынан ерекше бір өзіндік тұлға болатын. Ол Қазақстан шығыстану тарихында, этнографиясында, библиографиясында ерекше орын алатын ғалым - Н.Сәбитов.

Ол заманымыздың ірі тұлғалары – И.Ю. Крачковский, А.А. Семенов, Е.Э. Бертельс, Ш. МухамедьяровС.Н. Малов, Н.В. Юшманов, Е.С. Истрина, В.И. Чернышев, Қ.И. Сәтпаев, Ә.Х. Марғұлан, Н.Т. Сауранбаев, Е. Бекмаханов, С.К. Кеңесбаев, А. Нүсіпбеков және т.б. қызметтес болып, олардың мектебінен өткен, тәлім-тәрбие алып, ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағытын айқындаған.

Өзінің алдындағы ғалымдар секілді энциклопедиялық білімі бар, араб-парсы, түркі және ағылшын тілдерін яғни кемінде жеті елдің тілін жете меңгерген, жаңа дәуір басында өмір сүрген қазақ зиялыларының соңғы легіне ілесе өскен зерттеушілердің бірі болды. Кеңестік Қазақстандағы алғашқы кәсіби деңгейдегі шығыстанушы, библиограф және алғашқы этнографиялық зерттеулерді ұйымдастырушы, сонымен қатар әдістемелік-педагогикалық тарихи оқу-құралының авторы Н.Сәбитов ғылыми ізденістерін өзіне жүктелген әкімшілік қызметтермен ұштастыра білген.

Орыс тілін жетік білгендігінің арқасында, қоғамдағы өзгерістерді жіті бағалап, сол кездегі жүріп жатқан қалыптасу кезеңінің қайнаған ортасында белсенді қызмет етті.

Егер де өткен тарихымыздың терең қойнауына көз жүгіртер болсақ, оның аумалы-төкпелі болғанын байқаймыз. Бірнеше ұрпақтың өмір-тіршілігі алмасқан кезеңнің өзінде, біздің көптеген тұлғаларымыз – ойлы, жүректі және сөзсіз талантты, кіндік қаны тамған туған жері, елі үшін көзсіз

сеніммен, бар жан-тәнімен қызмет еткендер есімі танылмай, тиісті бағасын алмай отырғандығы кезінде - заманымыз тарихшылар алдында шаң басқан мұрағаттар сөресіндегі олардың туындыларын зерделеп, көпшілікке таныту міндетін артып отыр.

Өйткені солар өмір сүрген дәуірден неғұрлым алыстаған сайын біз олардың өз ортасынан ерекшеленетінін байқап, олардың іс-әрекетінің тиісті бағасын бере отырып, замана қыспағындағы ерік-жігерінің, рухының құламағандығына таңданысымызды жасыра алмаймыз.

Нығмет Сәбитовтың өмір жолы мен қызметіне тоқталған кезде, аумалы-төкпелі заманның қыспағына қарамастан аса мәнді де, мағыналы болғанын деректер арқылы көруге болады.

Н. Сәбитовтың өмір сүрген ортасы бастауларына көз жүгіртсек, Ресей империясының отарлау саясатының бастапқы кезеңіне тоқтамай кете алмаймыз. XVIII ғасырдың ортасынан бастап патша өкіметі қазақтардың Жайық өзенінің оң жағалауына көшіп-қонуына тиым салды [1]. 1743 - 1758 жылдары Орынбор және Орал казактары үлкен жер үлестерін алды, одан кейін Жайықтың оңтүстік жағалауы сағаларымен толық соларға берілді. Отаршылдықтың баспалдағы ретінде 1801 ж. Бөкей хандығы немесе Ішкі Орда құрылды (Астрахан губерниясының бөлігінен). 1822 ж. Орта жүзде, 1824 ж. Кіші жүзде жүргізілген ережелер, олардың артын ала қазақ жерінде ашылған Ресейлік үлгідегі округтік және шекаралық басқару мекемелері сонымен қатар әскери бекіністердің салынуы қазақ қоғамының бірлігін ыдыратуға, отарлауға бағытталған еді [2].

Осындай кезеңмен тұстас келген Н. Сәбитовтың өмірбаяны жөнінде деректерге жүгінсек, оның еңбек кітапшасы мен өмірбаяндық жазбасында 1895 ж. Астрахан губерниясының, Красноярь уезінің Баклано-Лопатино селосында кедей шаруа отбасында дүниеге келгендігі айтылған [3]. Оның әкесі Сәбит Кенембайұлы ата-бабасынан бері балық аулаумен айналысқан, отаршылдық езгінің табиғатының жат екендігін жүрегімен сезіне білген ол зеректігінің арқасында сауатын ашып, Құранды өз бетінше оқи алған. Өзінің мұсылмандық парызын өтеу үшін, Меккеге қажылыққа аттанып, қайтар жолда 1900 ж. Иранда 64 жасында қайтыс болады. Бес жастағы Нығмет пен оның үш қарындастары анасының қолына қарап қалады. Сегіз жасқа толған кезде, Нығмет ауылдағы мектептен білім ала бастады [4]. Бұғанасы қатып, есейе бастаған кезде, 15 жасынан бастап өз қожалықтарында шөп шабумен және балық аулаумен айналысты.

Бұдан кейінгі қоғамдағы өзгерістер Н. Сәбитовтың өміріне де өз әсерін тигізді. Ол 21 жасқа аяқ басқанда 1916 ж. патша жарлығына ілінеді. Міне, осы жарлықтың мәтініне қарасақ: “Объявленное военным министром о привлечении мужского инородческого населения Империи для работ по устройству оборонительных сооружений и военных сообщений в районе действующей армии, а равно и для всяких иных необходимых для государственной обороны работ..” - делінген [5].

Сондықтан, 1916 ж. Н.Сәбитов патшаның бұратаналарды тыл жұмыстарына алу жайындағы жарлығына сәйкес қара жұмысқа шақырылды. Ол Москва темір жолында жұмысшы болып істеп, одан Ақпан революциясынан кейін ғана оралады. Бұл жайындағы дерек Москва-Виндаво-Рыбинск темір жолы қоғамының 5 сәуір 1917 ж. берген құжаты: *“Предъявитель сего, инородец Астраханской губернии, Макетовского общества, волости № 6, 2 округа Нигмат Сабитов (құжаттағы сөздерді сол түпнұсқа негізінде беріп отырмыз. - М.Б.), находящийся на работах Московско-Виндавской железной дороги, согласно распоряжения от 28 марта с.г. заместителя комиссара Московского железнодорожного узла, увольняется от сего числа в месячный отпуск для поездки на родину для устройства своих семейных дел и для содействия возвращению ушедших с дороги инородцев и обязан по истечении месячного срока явиться на ст. Москва Московско-Виндавской железной дороги.*

Настоящее удостоверение выдано инородцу для предъявления на волостное правление или соответствующее ему учреждение для наложения печати о времени его явки на родину.

Означенное удостоверение видом на жительство не служит и права на бесплатный проезд по железным дорогом не дает…” [6].

Құжатта айтылғандай Н.Сәбитовты уақытша өкімет комиссарлары жай ғана демалысқа жіберген жоқ, оны бір айға уақытша және бұрын темір жол жұмысынан қашып кеткендерді қайтаруға үгіт жұмысын жүргізуге тапсырма бергендігінен көруге болады.

Оның өмір сүрген кезеңіндегі қазақ зиялыларының екі түрі болғандығы белгілі. Әр түрлі кезеңде ортадан жарылып шыққан зиялылар – Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Ғазы Уәлиханов және т.б. азшылықта болды, олар орысша білім алып және орыс интеллигенциясымен байланыста болып, орыс үкіметіне арқа сүйей отырып қазақтарды европа мәдениетіне жақындатуға

ұмтылды. Келесі топтағылар – татар, башқұрт және басқа да мұсылман мектептерінен тәрбие алып, мұсылмандық Шығыс мәдениетін насихаттау арқылы қазақ халқын білімге жетеледі [7].

Н.Сәбитов осы екі топтың қайсысына жатады десек, оны дәл айту қиындау өйткені, орыс ортасында өсіп, білім алғанымен Ресейдің қазақтар шоғырланған Астрахан губерниясындағы қазақы тұрғындар, өз дәстүрін, тілін сақтап қалудың, орыстанып кетпеудің бір жолы мұсылманшылдық деп түсінген, сондықтан да Нығметтің әкесі Сәбит оның мұсылманша білім алуын дұрыс деп шешті. Нығметтің алған тәрбиесінің негізінде мұсылмандықпен қатар европалық мәдениеттің де әсері қатарласып жатты. Бұл оның кеңестік кезеңдегі қызметіне зор әсер еткен еді.

1917 жылы Ресейде қос төңкеріс болды. Патша тақтан құлап, Уақытша үкімет орнағанымен де, Қазан төңкерісі жеңіске жетіп большевизм дәуірі басталады [8]. Сонымен Қазан төңкерісінен кейін қалың қазақ бұқарасы арқасында Кеңес өкіметін жақтаушылар көбейе бастады. Астраханның жұмысшы аудандарына жақын орналасқан Бөкей ордасының қазақтары Кеңес өкіметінің ықпалына тез бейімделе алды. Міне, сондықтан ел өмірінде болып жатқан үлкен жаңалықтар Нығмет Сәбитовтың да өміріне көптеген өзгерістер алып келді. Оның Кеңестік дәуірдегі мәдени саладағы белсенді қызметі 1918 ж. бастау алады. Оның еңбек кітапшасында 1918 ж. 20 наурызынан 1921 ж. 10 наурызына дейін Баклано-Лопатино ауылдық кеңесінің хатшысы, кейіннен төраға болып қызмет еткендігі туралы жазылған [9]. Орыс тілін жетік білетіндігі мен саяси сауаттылығын және білімі барлығын ескере отырып оны Шаған - Кондаков болыстық атқару комитетінің, халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі [10], төрағасы, кейіннен ликбездің (сауатсыздықты жою) нұсқаушысы қызметіне тағайындайды [11].

1919 ж. 13 наурызында Астраханға Я.М. Свердлов қол қойған жеделхат келді. Онда коммунистерді қайта тіркеуден өткізуді сұраған губкомның шешімін мақұлдайтындығы туралы айтылған. Осыдан кейін 1919 ж. 20 наурызынан бастап мамыр айларының аралығында Астрахан партиялық ұйымдарының қайта тіркеуден өткізілуі нәтижесінде оның құрамы біршама қысқартылды. Осындай коммунистерді қайта тіркеуден өткізу әдісі партия қатарын күшейту үшін жасалынған күрес ретінде ең алғаш рет Астраханда қолданылды. Бұл әдіс кейін жалпы партиялық масштабта қолданылды. Астрахан партия ұйымы өз қатарын осылай тазалағаннан кейін, партия қатарын жаңадан толықтыра бастады.

Дәл осы тазартудан кейін, Кеңес өкіметінің ұсынған идеясына шын ниетімен сенген Н.Сәбитов 1920 ж. наурызында Коммунистік партияның мүшелігіне өтеді. Ауылда қызмет ете жүріп, ол ауылдық және болыстық басқарма аппаратын нығайту үшін күресті, шабындықтар мен жайылымдардың әділ бөлінуін қадағалады, болыстықта орын алған барымтаны (жылқы ұрлау) болдырмауға күш салды, елді азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін балықшылар одағын құрды, жаңа мектептер ашуға қаржы бөлдірді және т.б. яғни ол дәл сол кездегі жүріп жатқан кеңестік жүйенің қалыптасу кезеңінің қайнаған ортасында белсене қызмет етті.

Н.Сәбитовтың өміріндегі елеулі өзгерістер оның 1924-1929 жылдардағы “Кедей тілі” газетінің редакторы ретіндегі қызметімен байланысты болды [12]. Коммунистік партияның өлкелік бюросының бұйрығы бойынша қазақ губерниялық баспасөздерінің негізгі міндеті белгіленді: “кеңестік құрылыс, ауыл шаруашылығы, кооперация, әмеңгерлік, халық ағарту, партия және комсомол өмірі, ауыл корреспонденциясы” [13]. “Кедей тілі” газеті Астрахан губерниялық партия комитеті қасындағы ұсақ ұлттар бөлімшесінің органы болды. Ол алғаш 1924 ж. 20 сәуірден айына 4 рет шығып тұрды.

1921-1925 жылдары халық шаруашылығын қалпына келтіру жолында елімізде алып жұмыстар атқарылып жатты. Сондықтан “Кедей тілінің” бас редакторы Н.Сәбитов осындай қауырт жұмыстарды, бүкіл халықтық қозғалыстың барысын көрсетіп, еңбек майданындағы жаңалықтардың жаршысы болу үшін газеттің негізгі мазмұнын осы мәселелерге арнады.

Сонымен “Кедей тілі” газеті кең байтақ Каспий далалары мен жағалауын мекендеген қазақтарды сол кездегі барлық газеттер сияқты, саяси ағым бойынша коммунистік рухта тәрбиелеуде жергілікті партия ұйымына үлкен көмек көрсетті. Газет еңбекші қазақтарға Кеңес үкіметінің саясатын, әсіресе ұлт мәселесі жөніндегі саясатын түсіндірді, ұлттық біртұтастықты уағыздады [14].

Қазан төңкерісінің дүмпуі, азамат соғысының дауылы қоғам өміріне аяғын тәй-тәй басып келе жатқан мәдени-ағарту бағытындағы ұйымдар мен баспасөздердің өркендеуіне мүмкіндік жасамады. Күштеп, ноқталап, қазақ зиялыларын кеңестік тұғырға өткізген өкімет үшін ұлт қамын жеген баспасөзді бірер жарлықпен жауып тастау қиын емес-ті. “Мәдени-ағарту жұмысын кеңес идеологиясы өз қолына алады” деген жылы сөзбен алдаусыратты.

Қазақтың оқыған зиялылары бұл кезде не қам жасады? Міржақып Дулатовтың "Қазақ зиялылары" деген мақаласында: "Біздің қазақ-қырғыздардың оқығандары санаулы. Партияда бары да, жоғы бәрімізге белгілі. Бізден коммунистер шыға бастағанына әлі екі-үш жылдан асқан жоқ.. Шынын айтқанда, күні кеше бәріміз де ұлтшыл емес пе едік? Қазақ оқығандарының ең әуелі табы ұлтшылдар емес пе еді? .. Енді бүгін кеңес үкіметі дәуірлеп, коммунист партиясы жолбасшылық қылып отыр екен; қазақ-қырғыз секілді езілген елдерге бостандық, теңдік күні туған екен.. бұрын өзгелердің соңында жүргендер адасып жүр екен; соның ішінде бізге коммунист болу керек екен; бұған түсіндік, көзіміз жетті. Партияға кіргендеріміз де бар.." [15]. Ұлт бостандығы жолындағы күресті өз күшімен жүргізе алмайтынына көзі жеткен алашшылдардың көбісі кеңес билігіне мойын ұсынды. Тіпті кейбірі кейін коммунистердің көсемі де болды. Тарата айтсақ, зиялылар ертеңгі ұлт тәуелсіздігі үшін осылай қадам жасаған.

1927 ж. қаңтарда сол кездегі өлкелік комитеттің хатшысы Ф.И. Голощекиннің Қазақстандағы 1920-1926 жылдар арасындағы баспасөз мәселесі туралы баяндамасында: "Идеологическая наша печать, особенно казакская, почти до последнего года была крайне слаба. На ее страницах нередко появлялись невыдержанные статьи с националистическим уклоном, а также нередко сводились счеты внутри национальных, групповых и личных трений… теперь на ее страницах не встречаются политические ляпсусы, чем она часто страдала раньше" [16]. Бұдан тыс өзіндік ойын айту немесе ондайларды әшкерелемеу айып болып танылып, сынға ұшырап, жазаланатын. Осындай жазалау шараларынан Н.Сәбитов басқарған "Кедей тілі" де тыс қалмады. 20-шы жылдардағы бүкіл Батыс Қазақстан облысын қамтыған "сепаратистік-ұлтшылдық" қозғалысынан тазалау деген атпен орын алған жазалау шараларына 1927 ж. дәл уақытында "астраханшылдықты" (астраханьщина) анықтап, айыптамағаны үшін "Кедей тіліне" сөгіс жарияланған еді [17]. Бұл "сепаратистік-ұлтшылдық" деп аталған қозғалыс 20-шы жылдары Астраханды ғана емес Орал және Гурьев облыстарын қамтыған, соған қарамастан отандық тарихта әлі күнге зерттеу көзіне айналмаған тақырыптардың бірі болып табылады. Біз Астраханның Н.К. Крупская атындағы облыстық ғылыми кітапханасына сұрау салғанымызда оның Өлкетану және библиография бөлімінің меңгерушісі Л.В. Губин мынадай жауап қайтарды: ".. Кейбір деректер "астраханшылдықты" - "оңшыл ауытқушылықпен", "капитализмнің жұқпалы ауруымен" күресі деп санаса, келесі бір деректерде (1929 ж.) "астрахандық істі" қазіргі көзқарастар тұрғысынан қарастырып, оны тұрпайы түрде құрастырылған іс ретінде жергілікті балық кәсіпкерлігіндегі жеке меншіктің қалыптасуына қарсы бағытталған жазалау шарасы деп көрсетеді" [18].

Н.Сәбитов редакциялық жұмыстан шыққан соң, 1929 ж. 20 сәуірде "Кедей тілі" газетінің редакциясы (Н.Сәбитовтың орына болған газет редакторы Кәрім Жанчурин және әріптестері) оған арнап мынадай хабарлама берді:

"Уважаемый товарищ, Нигмет Сабитов! Мы, твои товарищи по совместной работе и учащиеся – казахи, приносим тебе глубокую благодарность за ту работу, которую ты проделал в течение трех лет.

Работая на посту ответ. редактора газеты "Кедей-Тли" - органа Астраханского Губкома ВКП(б) и Губисполкома, ты постоянно вникал в повседневную жизнь казахского населения, давая через газету советы и указания и благодаря твоему умелому руководству газета улучшилась, увеличивала свой тираж…" [19].

Бұл жылдары қазақтың оқығандары тек бірыңғай саясатпен ғана емес, шығармашылық жұмыстармен де айналысты. Бірақ азаматтық қозғалыста да, жазу ісінде де олар ұлт тәуелсіздігін көздеді.

Қағаз жүзінде ұлт теңдігін, ұлттардың өзін өзі билеу құқын сөз еткен марксизмнің Ресейлік нұсқасы мен оның ілімі Кеңес Одағында берік орныға бастағанда-ақ ұлтсыздандыру саясатын жүргізді. Руханияттағы ұлттық сарын тегіс мансұқталды. Ол сарынның неліктен туғандығына мән де берілмеді. Тұтас дәуірдің (қайта өрлеу дәуірінің) қаламгерлеріне "буржуазияшыл-ұлтшыл", "керітартпа" делінген айып тағылып, өздері де, шығармалары да тұтқындалды. Қоғамтану ғылымында қазақ тарихының елеулі кезеңінің қарасөзі, дарынды сөзі, көсемсөз – жалпы көрнекті өнері туралы көпе-көрнеу жалған сөйлеу, оларға тұтастай қара бояу жағу осылай басталды. Бұдан қазақ ұлты қатты ұтылды: бірнеше буын өршіл рухтың не екенін білмей өсті. Парық, бағамдау секілді ұғымдарда тиянақ болмады. Ұлтты аямағандар, оның руханиятын әлем алдында қорлағандар дәріптеліп, ұлт үшін басын бәйгеге тіккендер, азат руханият үшін жанын құрбан еткендер "зиянкес", "опасыз" атанды.

Бүгінде бізге келіп жеткен ой жоғарыда айтқан мәселенің баршасына парасатпен қарауы тиіс. Бұл ой – ескінің соңы, жаңаның басы болса екен дейміз. Осы тұрғыдан келгенде ол отандық, әлемдік дәстүрлерге табан тіреп, қазіргі ізденіс дәуірінде руханиятты жаңа деңгейге көтеруі қажет. Өткеннің бәрі – сабақ. Нақты ғылымдар да, жаратылыстану ғылымдары да: "Еш нәрсе жоқтан пайда болмайды және жоғалмайды" дейді. Мұны руханиятты қарастыратын қоғамдық ғылымдар да қуаттайды. Олай болса, жақсылығы мен жамандығы, парасаттылығы мен топастығы қатар жүретін мына өмірде жақсылық пен парасатты баянды қылуға жұмылған жөн. Міне, осы тұрғыдан алғанда Н.Сәбитовтың баспасөздегі қызметінің өзіндік жолы болғандығы айқын.

Н.Сәбитов негізгі редакторлық қызметімен қатар әртүрлі қоғамдық жұмыстарға араласа жүріп, өзінің білімін көтеруді ұмытқан жоқ. 1929 ж. 7 мамыры мен 30 маусымы арасында Астрахан округтік Атқару комитетінің халыққа білім беру бөлімі жанындағы екі жылдық Педагогикалық курстың аз ұлттар арасындағы сауатсыздықты жою курсына тыңдаушы болып қабылданған еді [20].

Курсті бітіргеннен кейін 1929 жылдан 1930 жылға дейін Астрахандағы ликбездің округтік штабында нұсқаушы қызметін атқарады [21]. Өз бетінше шығыс тілдерін үйреніп, Астрахан округтік педагогикалық курсындағы алған білімін пайдалана отырып, Астрахан және Саратовтың кеңестік партия мектептерінде (совпартшкола) тарихтан, географиядан және араб тілінен сабақ берді. Соған қарамастан өзінің білімінің жеткіліксіз екендігін түсінген ол, 35 жасында Саратовтағы комвузға (Нижне-Волжский краевой коммунистический им. В.И. Ленина университет) студент ретінде қабылданады. Онда 1930-31 жж. бойы оқыды. 1931 ж. 4 тамызда берілген № 708 анықтамада Н.Сәбитовтың аталған университеттің газет бөлімін бітіргендігі, онда орыс тілін, математиканы, экономгеографияны, Шығыс пен Батыс тарихын, саяси экономикасын, табиғаттануды толығымен тыңдап шыққандығы айтылған [22].

Ал, 1931 жылдан 1935 жылға дейінгі аралықта Кеңестер Одағының Орталық Атқару Комитеті жанындағы Москваның Н.Н. Нариманов атындағы Шығыстану институтында қоғамдық-саяси факультеттің араб бөлімінде оқыды. Н.Сәбитовке 1935 ж. 25 ақпандағы № 09 жоғарыда аталған Институттың берілген куәлігінде оның "Қоғамдық-саяси факультеттің араб бөлімін" тәмәмдағаны және мынадай пәндерден: Саяси экономия, Тап күресі тарихы, СССР халықтарының тарихы, ВКП(б) тарихы, Диамат, Араб тарихына кіріспе, Араб экономикасы, Араб революциялық қозғалыстар тарихы, Араб аграрлық мәселесі, Империализм дәуіріндегі Араб тарихы, Араб тілі, Ағылшын тілі, Ұлттық отарлық мәселе және Әскери іс - пәндерінен дәріс алып, сынақтан өткенін мәлімдейді (пән аттары өзгеріссіз берілді. - М.Б.) [23].

Осы жерде бір айта кететін бір мәселе, Мәскеуде институтта оқи жүре Н.Сәбитов тағы бір қызметті қосымша атқарыпты. КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің баспасөздегі әскери құпияны сақтаудың өкілеттілігінде 1934 ж. 23 маусымынан 1935 ж. 23 ақпанына дейін Әскери цензура бөлімінің Орта Азия және Қазақстандағы баспасөзді бақылау секторында жұмыс жасағаны туралы құжат сақталған [24].

Бұл қызметтен кетуіне Шығыстану институтын бітірген соң, оны Тәжікстанға жіберілуі себеп болады. Оның бір дәлелі төмендегі құжат:

СССР. Институт Востоковедения им. Н.Н. Нариманова
При ЦИК Союза ССР
25 февраля 1935 г. № 09
г. Москва, Маросейка 2/15

Удостоверение

Дано Институтом Востоковедения им. Н.Нариманова при ЦИК СССР тов. Сабитову Н. в том, что в январе 1935 г. он окончил теоретический курс Института по Общественно-Политическому факультету и что 16 февраля 1935 г. он откомандирован в распоряжение ЦК КП(б) Таджикистана.

Ректор Института (Гамбаров)
Отв. секретарь Института (Мамедов) [25].

Сол кездегі партия тапсырмасы бойынша Н.Сәбитовты институтты тәмәмдаған соң, Тәжікстан Коммунистік партиясының Орталық комитеті қарамағына жібереді [26]. 1935 ж. наурызынан 1936 ж. шілдесіне дейін Сталинабад (қазіргі Душанбе) қаласында Тәжікстан Кеңестік Социалистік Республикасының Білім беру халық комиссариаты (Наркомпрос) Әдебиет басқармасы (Главлит) бастығының орынбасары және әскери цензоры қызметінде істеді.

Әкімшілік қызметпен қатар Н.Сәбитов білім беру саласында, оқытушылық қызметтерді де атқарды. Оның дәлелі Тәжік педагогикалық институтының 1935 ж. 13 шілдесінде берген № 774 анықтамасы. Бұл анықтамада Сталинабад педагогикалық институтында 1934-1935 ж. екінші семестрде Кеңестер Одағы халықтары тарихынан, тарих факультетінің 1 курс, өзбек тобына сабақ бергендігі жайындағы мәлімет берілген:

"Таджикский педагогический институт
от 13 июля 1935 г. №774

Справка

Дана настоящая тов. Сабитову Н. в том, что он 1934-1935 году во втором семестре работал в Сталинабадском Педагогическом институте в качестве преподавателя истории народов СССР (узбекская группа, первый курс, исторический факультет).

Зав. учебной части Азимов. Секретарь Базилева" [27].

Келесі бір анықтамада Сталинабадтағы ашылған жаздық (маусым - шілде) ауыл мұғалімдерінің білімін жетілдірудің ауданаралық курсында география пәнінен сабақ бергендігі айтылған:

"Народный комиссариат Просвещения
г.Сталинабад от 5 августа 1935 г.

Справка

Дана настоящая тов. Сабитову Н. в том, что он преподавал географию на межрайонных курсах по переподготовке сельских учителей, открывавшихся в гор. Сталинабаде летом (июнь-июль) 1935 года.

Управлении Наркомпроса Юнгерев" [28].

1936 ж. Н.Сәбитов Сталинабаттың көптеген кітапханаларындағы контрреволюциялық-троцкисттік әдебиеттерді, Әдебиет басқармасының жауапты қызметкері ретінде уақытында алып тастамағандығы үшін, партиядан шығарылады. Әрине, ол барлық іс-әрекеттерінде ВКП(б) Орталық Комитеттің Саяси бюросының шешімдерін және РСФСР Әдебиет басқармасының жарғыларын басшылыққа алған еді. Соған қарамастан ешкім істің мәніне терең үңілген жоқ. Мәселені қарау ұзаққа созылып, жұмыстан шығарылып, пәтерінен қуылады, ал 12 тамызда тексерістің аяғын күтпестен Алматыға қайтып кетті. Бұл оның аман қалуына себеп болса керек, өйткені дәл осы кезде Тәжікстанда саяси қуғын-сүргін басталған еді.

Алматыдан Москваға Орталық Комитет жанындағы Партиялық бақылау комиссиясына арыз жібереді [29]. 1937 ж. қаңтарында сөгіс жарияланып, партияға қайта қабылданады, ал сөгістің толық алынып тасталуы 1945 ж. ақпанындағы Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің шешімімен орындалды. Оған түрткі болған Н.Сәбитовтың 1936 ж. 17 қазанындағы ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Партиялық бақылау комиссиясына (Москваға) жіберген арызы. Барлығы машинкамен терілген 6 беттен тұратын бұл арыздың қысқаша мазмұнына тоқталар болсақ, Н.Сәбитов өзінің атқарған қызметтерін көрсете келе, РСФСР Әдебиет басқармасының жіберген жарлықтарын дәл мәтіні негізінде басшылыққа алып, мүлтіксіз орындағанын, бірақта орталықтан түсіп жатқан жарлықтардың бірін-бірі жоққа шығарып отырғанын нақты құжаттардың мәтіндері мен жіберілген күндерін көрсетіп дәлелдейді.

Тәжікстанның Сталинабад қаласындағы барлық кітапханалардың саны 50-60-тан асады, олардың барлығын қайнап тұрған күн астында жаяу аралап шығып, Троцкий, Каменев, Зиновьевтің 167-ден астам кітабын (тізім бойынша) кітапхана сөрелерінен алдыртқанын көрсетеді. Әдебиет басқармасына (Главлит) 1935 ж. 7 наурызда тағайындалғанын айта келе, ол келгенге дейін Тәжікстандағы Әдебиет басқарасы мүлдем жұмыс істемегендігін айтады. Наркомпростан жіберілген Мамедов кетіп қалған, оның орнына тағайындалған Әдебиет басқармасы бастығы Самибаев бір ай отырмастан қашып кеткен. Н.Сәбитов жалғыз қалады. Қызмет істеуге еш жағдай жасалмаған. Сырттан ақыл берер ешкім де жоқ. Тағы бір қиындық оның тәжік тілін мүлдем білмейтіндігі. Н.Сәбитов өзі жұмыс істеген 15-16 айдың ішінде Тәжікстан КП Орталық Комитетінен оны іздестіріп, есептік-баяндамасын тыңдауға шақыртқан да ешкім болмады дейді. Соған қарамастан жалғыз өзі РСФСР Әдебиет басқармасымен тығыз байланыс орнатып, жергілікті баспасөз ұйымдарымен, Сталинабад баспа комбинаты мен кітапханалар, оқу орындары және т.б. мекемелермен (Радиокомитет, Тәжіккино, Союзпечать, Книгоцентр) қарым-қатынас жасады.

Сонымен қатар ол жаяу Куйбышев, Варзобскі, Орджоникидзеабадскі, Көкташ, Сталинабад аудандарын аралап, аудандық Әдебиет бөлімін ұйымдастырды.

Міне, осылайша өзінің атқарған қызметтерін көрсете келе, Тәжікстан КП Орталық Комитетінің 17 қыркүйекте қабылдаған (ол Алматыда болған кезде, сырттай) партиядан шығару туралы бұйрығының заңсыз екендігін атап көрсеткен [30].

Сонымен Н.Сәбитовтың өмірінің бастапқы кезіне жасаған шолуымызды аяқтай келе, оның қым-қиғаш заманның ағымында, түрлі өзгерістер мен тауқыметті бастан өткеріп, ауылдың ауыр тіршілігін жастайынан көтеріп, тыл жұмысына тартылып, ерте есейіп, қоғамдық өмірге өзінің қалыптасқан ой-санасымен араласқанын, соған қарамастан үлкен ізденістерге барып, білімін жетілдіруге неғұрлым күш салғанына анық көзімізді жеткіздік. Сұрқайы саясаттың сынына ұшырап, бірнеше рет қызметінен қуылса да, сауаттылығының арқасында өзінің кінәсіздігін қайсарлықпен дәлелдей білді. Әрине, бұның бәріне қазіргі заман өрісінен қарағанда болмашы нәрсе болып көрінуі мүмкін, бірақта қазіргі тәуелсіз еліміздің демократиялық үрдістеріне әкелген жолдың қаншалықты ұзақ та, азапты болғандығын, сөз және баспасөз бостандығының қаншалықты қымбаттылығын, сол дәуірде өмір сүрген адамдардың тыныс-тіршілігі мен сезімдеріне терең бойлағанда ғана ұғына аламыз. Бұны естен шығаруға болмайды, өйткені өткенсіз, болашақ жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Казахско-русские отношения в XVIII–XIX вв. (Сборник материалов и документов). - Алма-Ата, 1961. - С.262.
2 Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX-ғғ.). Зерттеулер. – Алматы: Жалын, 2004. – 400 б. - 84 б.
3 Н.Сәбитовтың жеке мұрағаттық қоры. (Бұл қор Н.Сәбитовтың ұлы Шәмил Сәбитовтың жеке қорында сақтаулы). Н.Сәбитовтың еңбек кітапшасы.
4 Рыскулов Т. Восстание туземцев Средней Азии в 1916 году. Собр. соч. в 3-х т. Т.2. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 384 с. – С.36-37.
5 Н.Сәбитовтың жеке мұрағаттық қоры. Москва-Виндова-Рыбинскі темір жолы қоғамы берген құжат. 5.04.1917.
6 Рыскулов Т. Возникновение и роль казахской национальной интеллигенции. Собр. соч. в 3-х т. Т.2. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 384 с. – С.235.
7 Н.Сәбитовтың жеке мұрағаттық қоры. Еңбек кітапшасы. 2 бет. № 1. 4 тізім.
8 Ахметова Ж.К. Қазақ ұлтының біртуар қайраткері Мұстафа Шоқайдың балалық шағы, өскен ортасы. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің «Хабаршы» журналы. Тарих сериясы. –2007 (2). -№2 -33 бет.
9 Н.Сәбитовтың жеке мұрағаттық қоры. Удостоверение. РСФСР. Политпросвет при Красноярском Уездном Отделе Народного Просвещения. 21.01.1922. № 24.
10 Н.Сәбитовтың жеке мұрағаттық қоры. Справка. Контора редакции Астраханских периодических газет. 4.09.1929. № 919.
11 Культурное строительство в Казахстане (1918-1932 гг.). Сборник документов и материалов. – Алма-Ата: Казахстан,1965. Т.1. – 565 с. –С. 531.
12 Такишев Х. Рожденная в дни призыва // Казахстанская правда. 1961. – 22 января.
13 Халық ағарту майданында // Кедей тілі. – 1927. – 9 февраль. - №136.
14 Еділ-Жайық бөлімі ашылды // Кедей тілі. – 1927. – 8 июнь. - №151.
15 Ауылдағы партия қызметкерлерінің міндеті // Кедей тілі. – 1927. – 16 октябрь. - № 168.
16 Дулатов М. Қазақ зиялылары // Елім деп соққан ұлы жүрек: (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ағартушы, публицист М.Дулатұлына арналады) /Құраст. В.Қ. Күзембаева; Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2002. – 362 б. – 52-53 б.
17 Ажигали С.Е. Востоковед, библиограф и этнограф Нигмет Сабитов (1895-1955)//Шығыстанушы, ғалым-библиограф Н.Сәбитов. Биобиблиографиялық көрсеткіш / Құраст. М.М. Бегманова. - Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2000. - 5 б.
18 Н.К.Крупская атындағы Астрахан облыстық ғылыми кітапхана. http://www.rus libnet.ru:8101/lib/2003/ astrahan.html.
19 Н.Сәбитовтың жеке мұрағаттық қоры. Дорогому товарищу и отв. редактору газеты“Кедейтли” Н.Сабитову от 20 апреля 1927 г. гор. Астрахань. (Ответработники, учащаяся молодежь и рабсель. татар и казак Астраханской губернии).

20 Н.Сәбитовтың жеке мұрағаттық қоры. Удостоверения. Отдел Народного образованияАстраханского окружного исполкома. 28.06.1929. № 20.
21 Н.Сәбитовтың жеке мұрағаттық қоры. Справка. Округ. Исполнит. Ком. Особая Комиссияпо ликвидации неграмотных и малограмотных. Астрахань, 30.08.1930. № 8/199.
22 Н.Сәбитовтың жеке мұрағаттық қоры. Справка. Нижне-Волжский Коммунистический им. В.И. Ленина университет. Саратов, 4.08.1931. № 708.
23 Н.Сәбитовтың жеке мұрағаттық қоры. Свидетельство. Институт востоковедения им. Н.Н. Нариманова при ЦИК СССР. Москва, 25.02.1935. № 09.
24 Н.Сәбитовтың жеке мұрағаттық қоры. Уполномоченный СНК СССР по охране военных тайн в печати. Отдел военных цензуры. Справка от 25 февраля 1935 г. № 2502.
25 Н.Сәбитовтың жеке мұрағаттық қоры. Удостоверение. Институт востоковедения им. Н.Н. Нариманова при ЦИК СССР. Москва, 25.02.1935. № 09.
26 Н.Сәбитовтың жеке мұрағаттық қоры. Справка. Уполномоченный СНК СССР по охране военных тайн в печати и Начальник Главлита РСФСР. Москва, 25.02.1935. № 2502.
27 Н.Сәбитовтың жеке мұрағаттық қоры. Справка. Таджикский педагогический институт. Сталинабад, 13.04.1935. № 774.
28 Н.Сәбитовтың жеке мұрағаттық қоры. Наркомпросвещения. Сталинабад, 5.08.1935. № 13/081.
29 Н.Сәбитовтың жеке мұрағаттық қоры. Жалоба от бывшего члена ВКП(б) Сабитова Н. в Комиссию партийного контроля. Алма-Ата, 17.10.1936.
30 Н.Сәбитовтың жеке мұрағаттық қоры. Автобиография. Решение ЦК КП(б) Казахстана от 27. 02.1945. № 268, (п.18).

НАЧАЛО ЖИЗЕННОГО ПУТИ И ОБЩЕСТВЕННО-НАУЧНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ВОСТОКОВЕДА, БИБЛИОГРАФА И ЭТНОГРАФА-ИСТОРИКА Н.САБИТОВА

***А.К. Шашаев*[1]**

[1] Кандидат исторических наук,
[1] Институт истории иэтнологи имени Ч.Ч. Валиханова
Казахстан, г. Алматы, e-mail: shashaevauezhan@mail.ru

В данной статье на основе широких источниковедческих материалов рассматриваютсяначало жизненного пути и общественно-научная деятельность востоковеда, библиографа и этнографа-историка Н. Сабитова. Жизненный путь Нигмета Сабитова был сопряжен с голодом, коллективизацией, индустрализацией, культурной революцией и массовыми репрессиями происходившими в Советское время. Как профессиональный востоковед, этнограф-историк и библиограф, культуролог и религиовед он оставил большое научное наследие.

Ключевые слова: *Н. Сабитов, востоковедение, религиоведение, культурология, этнография, библиография, история, экспедиция*

THE BEGINNING OF LIFE PATH AND SOCIO-SCIENTIFIC ACTIVITY OF NIGMETSABITOV, ORIENTALIST, BIBLIOGRAPHER, ETHOGRAPHER AND HISTORIAN

***A.K. Shashaev*[1]**

[1] Cand. Sci. (History)
Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: shashaevauezhan@mail.ru

The beginning of life path and socio-scientific activity of N. Sabitov, orientalist, bibliographer, ethnographer and historian are considered on the basis of wide source-study materials in that article. The life path of Sabitov was combined with hunger, collectivization, industrialization, the cultural revolution and mass repression that took place in the Soviet period. Being a professional orientalist, ethnographer-historian and bibliographer, culturologist and religious scholar, he left a great scientific legacy.

Keywords: *N.Sabitov, oriental studies, religious studies, cultural studies, ethnography, bibliography, history, expedition*